

КЕЛІСІЛДІ

директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Ш.М.Махмутова

« 31 » 08 2023жыл



«БЕКІТЕМІН»

Ю.А.Гагарин атындағы
мектеп-лицейінің директоры

Г.А.Тусупова

« 31 » 08 2023жыл

**«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының
жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Ақадыр 2023 жыл

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс - шаралар	Іс – шара түрі	Жауапты
ЖЫЛ БОЙЫ				
1	Мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен сайыстарға қатысу			«Жас Ұлан» ұйымының тәлімгері
2	«Жас Ұлан» ұйымының отырысын өткізу			
3	«Жас Ұлан» ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушылардың өтінішін қабылдау			
4	«Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының қатарына оқушыларды қабылдау			
ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ				
5	«Зерде»	«Ұлттық мұраға ұқыпты қарау» «Мемлекеттік тіл – менің тілім» «Тарихқа құрмет» жобасы аясында «Тілге құрмет – елге құрмет!»	Құттықтау репортажы (әр тілде) (8-9 сыныптар) «Тілге құрмет – елге құрмет!» Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы бойынша челлендж (мектеп оқушылары мен ұстаздары арасында)	тәлімгер
6	«Отан»	«Ұланбасы Сайлауы»	Сайлау (8-10 сыныптар)	
7	«Руханият»	«Сөз зергері-өрнектеген өмірді»	Портреттік кеш (8 сыныптар)	
8	«Жеті жарғы»	«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»	Репортаж 6-7 сыныптар	
9	«Еңбек»	«Қарияға қол ұшын соз» жобасы бойынша қайырымдылық акциясы	Акция (8 сыныптар)	
10	«Еңбек»	«Еңбек- қуаныш, жалқаулық -азап»	Плакаттар көрмесі 8 сыныптар	
11	«Еңбек»	«Қарттарым - асыл қазынам»	Стенд безендіру 8-11 сыныптар	
ҚАЗАН АЙЫ				

12	«Руханият»	«Ер есімі – ел есінде» Оразалы Досбосынов	Танымдық сағат (8 ыныптар)	тәлімгер
13	«Еңбек»	«Ұстазым менің...»	Құттықтау видеосын жасау Концерттік бағдарламаға би дайындау	
14	«Отан»	Республика күніне орай «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау	салтанатты жиын	
15	«Еңбек»	«Алтын күз» меркесі	фотозона жасау	
16	«Еңбек»	«Еңбекгі адал жас өрен» жобасы аясында «Қажырлы еңбек-ел игілігіне қызмет» тақырыбында еңбек, мамандық туралы мақал – мәтелдер жазылған суреттер көрмесі	суреттер көрмесі	
17	«Зерде»	«Сөйлеу этикасы»	интеллектуалды ойын	
18	«Отан»	Қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасын күні «Қоғамға қызмет ет» волонтерлік қозғалыс	видеоролик	
19	«Жеті жарғы»	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында плакаттар көрмесі	плакаттар көрмесі	
20	«Салауат»	«Құмар ойын-құрдымға кетіреді»	танымдық сағат	

ҚАРАША АЙЫ

21	«Отан»	«Волонтерлік ақжүрек қызмет»	Волонтерлермен кездесу	тәлімгер
22	«Зерде»	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»	Сурет байқауы	
23	«Отан»	«Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті»	Эссе байқауы	
24	«Жеті жарғы»	«Жыры да, жүрегі де – елдікі»	Жергілікті ақын, жазушылармен кездесу	
25	«Салауат»	«Бақытты балалақ шақ»	Танымдық видеоролик	
26	«Салауат»	«Ұлттық мұраға ұқыпты қарау» жобасы аясында «Ұлттық ойындар»	Ұлттық мүдде құндылығы бойынша Ұлттық спорттық ойындар	

	сайысы	жарысы (5-7 сыныптар)
27	«Зерде» «Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту» жобасы аясында	Абай қарасөздеріне саундтрег (10-11 сыныптар)
28	«Жемі жарғзы» «Әдептілік – әдемілік белгісі»	Бейнеролик Мектеп оқшылары

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

29	«Отан» Тарихқа құрмет жобасы аясында «Азаттық таңын аңсаған тәуелсіз елдің тәуелсіз елдің ұрпағымын»	Манерлеп оқу сайысы 4 - сынып
30	«Отан» Тарихқа құрмет жобасы аясында «Тәуелсіздік бізге онай келген жок»	Видеоролик 9 – 10 сыныптар
31	«Жемі жарғзы» «БП жемқорлықпен күрестің тиімді жолын көрсетеді»	Дебат (8-10 сыныптар)
32	«Жемі жарғзы» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында Полиция бөлімшесіне Эскурсия	9- сынып
33	«Еңбек» «Қарияға қол ұшын соз» акциясы аясында «Бейбіт күннің қармандары» қайырымдылық акциясы	8-9 сыныптар
	«Эколем» «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы аясында «Қисыннан қиыстыр» тақырыбында	Шеберлік байқау (8-10 сыныптар)

ҚАҢТАР АЙЫ

	«Жемі жарғзы» «Жолда абай болайық» тақырыбында стенд	Стенд жасау (8-10 сыныптар)
	«Отан» «Жалынды жастар ел болашағы»	жарнама (7-сыныптар)

	видеорепортаж		
«Эко әлем»	«ДосбоғЛІКЕ» НАУҚАНЫ «Бөлме гүлдері пайдалы»	Бөлме гүлдерін күту шарасы (8-сынып эковолонтерлер)	тәлімгер
«Отан»	«Қазақстан және әлем медицинасы»	дебат (8-сыныптар)	
«Еңбек»	«ДосбоғЛІКЕ» НАУҚАНЫ қайырымдылық акциясы (кар күреу)	Қайырымдылық акциясы Волонтерлер тобы	
«Салауат»	Ақалдыр кенттік ауруханасына экскурсия	экскурсия	

АҚПАН АЙЫ

«Жемі жарғзы»	«Ауғанның от жалыны»	кездесу 8-11 сыныптар	
«Салауат»	«Жас ұландықтар салауатты өмір салтын ұстанады»	Постер жасау 8-10 сыныптар	
«Руханият»	«Алғыс айту - парызым»	Құттықтау видеосы (9-10 сыныптар)	тәлімгер
«Еңбек»	«Қарияға қол ұшын соз»	Қайырымдылық акциясы 8-сынып	


НАУРЫЗ АЙЫ

«Руханият»	«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!»	Мәнерлеп оқу сайысы (1-4 сыныптар)	
«Жемі жарғзы»	«Ұлттық ойын – ұлт құндылығы»	22- наурыз меркесіне орай ұттық ойын сайысы (5-7 сыныптар)	тәлімгер
«Салауат»	«Тазалық-денсаулық кепілі»	Квест ойыны	
«Еңбек»	«Қайырымдылық – ізгі іс»	Эковолонтерлер акция 6-сыныптар	
«Руханият»	«Қош келдің, әз-Наурыз»	Көрініс 9-10 сынып	

СӘУІР АЙЫ

«Еңбек»	«Қоршаған ортаға	Құстарға қармұшка жасау	
---------	------------------	-------------------------	--

	қамқорлық керек»	8-сыныптар	тәлімгер
«Зерде»	«Ғарыш әлеміне саяхат»	ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН (4 сыныптар)	
«Экоәлем»	«Ауламызды таза ұстайық»	Қайырымдылық акциясы (7-10 сыныптар)	
«Отан»	«Бірлігіміз жарасқан»	Видеоролик (1-мамыр бірлік күіне орай)	
МАМЫР АЙЫ			
«Жеті жарғы»	«Ұрпақ жадында жаңғырар есім!»	«Алау» әскери – патриоттық сайысы 8-сыныптар	
«Отан»	«Жас Ұлан» ұйымының қатарына салтанатты қабылдау	2-10 сыныптар	
«Жеті жарғы»	«Тоқта жолдас»	Жол ережесіне байланысты танымдық видео 8-сынып	
«Жеті жарғы»	«Отбасындағы қатаң тәрбие дұрыс па, бұрыс па?»	Дебат 8-сынып	

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының тәлімгері  Жәкен Н.

«Жас Ұлан» ұйымының жылдық есебі 2023-2024 оқу жылы



06.09.2023ж. күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері меркесіне орай 8-9 сыныптар арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында әр тілде құттықтау репортажы түсірілді. Мақсаты: Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру. Оқушылардың тілдің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулу

арқылы танымдық қабілеттерін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу. Өзге тілдерді білуге, үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Оқушылар видотүсірілімде қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде құттықтау және тіл тақырыбында өлең жолдарын оқыды. Оқушылар жұмысты орындау барысында дұрыс сөйлеу, камерада өзін дұрыс ұстау сияқты дағыларын қалыптастырды. Әр ұлттың тіліне деген қызығушылықтары туындады. Жауапты: Жәкен Н.

Құрметті достар, сіздерді Қазақстан Республикасы халқының тілдері күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Дорогие друзья, от всей души поздравляем вас с Днем языков народа Республики Казахстан.

Dear friends, we sincerely congratulate you on the day of languages of the people of the Republic of Kazakhstan.

Sevgili dostlar, Kazakistan Cumhuriyeti halkının dilleri Günü için yürekten sizi tebrik ediyoruz.

#Қарағанды облысы тілдекада хештегі бойынша әлеуметтік желіге салынды.

<https://www.instagram.com/reel/Cw2FmZUMnY6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==



06.09.2023ж. күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері меркесіне және ұлт ұстазы, алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай мектеп ұстаздары мен оқышылары арасында «Тілге құрмет-елге құрмет» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды. Мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша мағлұмат беру. Оқушылардың ізденімпаздың дағылыдарын дамыту.

#Қарағанды облысы тілдекада хештегі бойынша әлеуметтік желіге салынды.

<https://www.instagram.com/reel/Cw2I6NshG-/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Жауапты: Жәкен Н.



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша эстетикалық пәндер апталығы аясында 5-сынып оқушыларымен "Сөйлеу этикасы" тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениеті тақырыбына терең талдау жасап, интеллектуалды ойындар арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту. Жауапты: Н.Жәкен

https://www.instagram.com/p/CyistEqKNjx/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



05.10.2023ж. күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша мектеп парламенті дублер күні аясында «Ұстазым менің...» тақырыбында ұстаздарды құттықтау видеосын әзірледі. Сонымен қатар концерттік бағдарламаға испан және цыган билерін дайындауға жетекшілік етті. Мақсаты: оқушылардың басқарушылық қабілеттерін шыңдау, жауапкершілікін арттыру, еңбекке баулу, оқушылардың арасындағы достық қарым-қатынасын нығайту. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CyQEkм6MeUB/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



«Ұлттық мұраға ұқыпты қарау» жобасы аясында "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 8-сынып оқушылары арасында "Ұлттық ойындар" сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 8 А,Б,В,Г,Е сыныптары қатысты. Мақсаты: ұлттық ойындарымызды дәріптеу, оқушыларды шапшаңдыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Сайыс қол күресі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс және асық ату ұлттық ойын түрлері бойынша өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша командалық есепте: 1 орын - 8 А, 2 орын - 8 Е, 3 орын - 8 Г сыныбы. Оқушылар әр сайыс бойынша және командалық есеп бойынша мақау қағаздарымен марапатталды. Жауапты: Жәкен Н.

күресі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс және асық ату ұлттық ойын түрлері бойынша өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша командалық есепте: 1 орын - 8 А, 2 орын - 8 Е, 3 орын - 8 Г сыныбы. Оқушылар әр сайыс бойынша және командалық есеп бойынша мақау қағаздарымен марапатталды. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CzGi4piMxFc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRIYjZIMQ==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша эстетикалық пәндер апталығы аясында 5-сынып оқушыларымен "Сөйлеу этикасы" тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениеті тақырыбына терең талдау жасап, интеллектуалды ойындар арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту. Жауапты:

Н.Жәкен. https://www.instagram.com/p/CyistEqKNjx/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



"Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында қазақтың көрнекті ақыны, әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай 8-сынып оқушыларымен "Сөз зергері-өрнектеген өмірді" тақырыбында портреттік кеш ұйымдастырылды. Мақсатты: ақын өмірі, өлеңдерінің тақырыбы, тарихы туралы мәлімет беру, жаңа қырынан таныту, қосымша мәліметтер беру, өлеңге талдау; ұлжандылыққа, батылдыққа, туған елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу; қосымша деректерді пайдалану, танымдық, шығармашылық ізденіске жетелеу, өз ойларын еркін айтуға, әдеби көркем тілмен сөйлеуге дағдыландыру. Оқушылар кеш барысында ақын өлеңдерімен таныса отырып, Махамбет Өтемісұлының болмысын жан-жақты аша алды. Жауапты: "Жас Ұлан" ұйымының тәлімгері Н.Жәкен., кітапханашы Қызырата Н.Р.

https://www.instagram.com/p/CxaDCvWMev1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRIYjZIMQ==



12.09.2023ж. күні 5-6 сыныптар арасында отбасы күніне орай «Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына» тақырыбында арнайы репортаж түсіру ұйымдастырылды. Мақсаты: Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру. Оқушылардың ақпараттық сауаттылықтарын арттыру, өздігінен жұмыс жасауға бейімдеу, сөйлеу мәнерімен жұмыс жасау.

--<https://www.instagram.com/reel/CxF4ABos3xF/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA>==



Мектеп парламенті мен «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында оқушылардың өзін-өзі басқару және «Жас Ұлан» ұйымы ұйымдастыруымен оқушыларының әлеуметтік тобы құрылды.

https://www.instagram.com/p/CyxYiGNsahK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRlYjZlMQ



"Жас Ұлан " балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 26 қазан - қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасын күніне орай "Қоғамға қызмет ет!" тақырыбында видеоролик түсірілді. Мақсаты: өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, ұлттық сана-сезімін ояту, қоғамға қызмет ету керектігін ұғындыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/Cy3AtI4MKKx/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA



Мектеп парламенті мен "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 1-қазан халықаралық қарттар күніне орай "Қарттарым-асыл қазынам" тақырыбында стенд жасау іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың үлкендерге деген құрметін арттыру, бірігіп жұмыс істеуге баулу. Оқушылардың арасындағы достық қарым – қатынасын нығайту. Жауапты: «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының тәлімгері Жәкен Н. https://www.instagram.com/p/CxvDVM3s-m2/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 1-қазан халықаралық қарттар күніне орай «Қарияға қол ұшын сөз» жобасы аясында 8-сыныптармен қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Оқушыларымыз кентіміздің тұрғыны Рымтай апаның қыстық отынын жарып беруге көмектесіп қайтты. Рымтай апамыз оқушыларға өз ризашылығын айтып, батасын берді. Акция мақсаты: оқушыларды қарттарға құрметпен қарауға тәрбиелеу, адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа баулу. Оқушылардың арасындағы достық қарым –қатынастарын нығайту. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/CxvH5TLsLoi/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



"Қарағанды облысы Шет ауданы Ақадыр кенті Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бойынша эстетикалық пәндер апталығы аясында 6-сынып оқушыларымен "Қажырлы еңбек-ел игілігіне қызмет" тақырыбында еңбек, мамандық туралы мақал-мәтелдер жазылған суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: өз ісінің шеберлігіне құрметпен қарауды қалыптастыру. Жауапты: Жәкен Н., еңбек және экология фракциясының депутаты Султанова Д.

https://www.instagram.com/p/CyiudWjqK-M/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA



25 қазан – Республика күніне орай «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушыларды салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді. Мақсаты: елін, жерін, құндылықтарын сүйю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру, интеллектуалдық даму, зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу, оқушыларды жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем-эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу, волонтерлік

қызметті дамыту, алауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру, оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Барлығы «Жас ұлан» ұйымына 25 оқушы қабылданды. «Жас қыран» ұйымынан 19 оқушы, «Жас ұлан» ұйымынан 6 оқушы қабылданды.

https://www.instagram.com/reel/Cyn_P0Fs10J/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA



"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы шеңберінде "Өсиет аталар" мектебі, "Өнегелі өмір", "Оқуға құштар мектеп" жобалары аясында жерлестеріміз Қазақстан

Жазушылар Одағының мүшесі, қазақ прозасының көрнекті өкілі Өмір Кәріп және мемлекеттік қызмет саласының ардагері, кентіміздің құрметті азаматы Бекқожин Қалижан Қазкенұлымен "Жыры да, жүрегі де - елдікі" тақырыбында кездесу кеші ұйымдастырылды. Кеш қонақтары "Мәдениет майталманы" қос төсбелгілерінің иегері Жақаев Алшағыр Көрпешұлы, кентіміздің әкімі Қойшыбаев Мерей Жасұланұлы. Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу, болашақ ұрпақты аталы сөзге құлақ асып жүруге баулу; Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау. Ұрпақ бойындағы азаматтық, рухани, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Кездесуге 9-10 сынып оқушылары қатыстырылды. https://www.instagram.com/reel/Czdp3K7snEc/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=ODhhZWM5NmIwOQ



Мектеп парламенті мен "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Жеткіншектің жеті жарғысы" тақырыбында 7 – сыныптар арасында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында танымдық плакаттар жасау іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың өз құқықтары жөнінде білімдерін кеңейту, бірігіп жұмыс істеуге баулу. Оқушылардың арасындағы достық қарым – қатынасын нығайту. Жауапты: «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі Жәкен

Н., Құқық және тәртіп фракциясының жетекшісі Төлеген Г.Т., 9 «А» Әшенбек А. сынып оқушысы .

<https://www.instagram.com/p/CyvFdGiMxQL/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>



22.09.2023ж. күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы сайлауы өтті. Сайлауға барлығы 4 кандидат қатыстырылды.

8 «А» сынып оқушысы Мамырбекова Ханшайым

8 «Б» сынып оқушысы Игілік Ерасыл

8 «Г» сынып оқушысы Әсеми Нұрбек

8 «Д» Ахан Сандуғаш

Сайлауда 7-9 сынып оқушылары дауыс беруге қатыстырылды. Сайлау ережесі бойынша сайлау нәтижесі кандидаттардың қатысуымен анықталды. Сайлау қорытындысы бойынша 47 дауыс жинаған 8 «А» сынып оқушысы Мамырбекова Ханшайым ҰЛАНБАСЫ атанды.

8 «Б» сынып оқушысы Игілік Ерасыл – 35 дауыс;

8 «Г» сынып оқушысы Әсеми Нұрбек – 29 дауыс;

8 «Д» Ахан Сандуғаш – 19 дауыс.

Ұланбасыға үміткерлікке қатысқан оқушылар «Жас Ұлан» ұйымы бағыттар бойынша жетекшілікке тағайындалды.

https://www.instagram.com/reel/Cxfl_lessTY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRIYjZIMQ==



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Әдептілік-әдемілік белгісі" тақырыбында мектеп оқушыларының қатысуымен бейнеролик түсірілді. Мақсаты: Балалардың бойына жақсы әдеттерді сіңіріп, жат қылықтардан аулақ болуға үйрету. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін дарыту. Оқушыларды әр ортада өзін ұстай білуге тәрбиелеу; Оқушыларға адамгершілік және

эстетикалық тәрбие беру; Кішіпейіл де қарапайым, сымбатты да әдемі болуға тәрбиелеу. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/Cz-VDtpoKxy/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=ODhhZWM5NmIwOQ==



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 8-сынып оқушыларымен «Ер есімі – ел есінде» (Оразалы Досбосынұлы) тақырыбында танымдық сағаты ұйымжастырылды. Мақсаты:

бабаларымыздан мұра болып қалған төл өнеріміз туралы оқушыларға түсінік беру, олардың бойындағы тапқырлық, ақындық қасиеттерді ашу, ел арасынан шыққан талантты ақындар туралы мәлімет беру. Оқушыларға айтыскер ақын Оразалы Досбосынұлының өмірі мен айтыстары туралы мәлімет берілді. Оқушылар өздерінің арасында «Қыз бен жігіт» айтысын ұйымдастырды. Қолдарына домбыра алып, ақындық мақамдарға салып, өлең жолдарын құрастыра отыра бойларына ақындық өнердің негізін қалыптастыра алды.

Қыздар: Жігіт деген атына сай болмай ма?

Астына мінгені асау тай болмай ма.

Қазіргінің жігіттері болмай ұсақ

Ата –баба жолынан үлгі алмай ма?

Ұлдар: Қыз деген қылығымен әдемі ғой,

Ақылы, көркіменен кәделі ғой.

Ал, қыздарға қарасам дәл қазіргі

Заманауи, өзінше, қырсықтау ғой.

https://www.instagram.com/p/CxpPQ38MJVR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdIMjRIYjZIMQ==



"Жас Ұлан " балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша еңбек күніне орай 8-сынып оқушыларымен "Еңбек-қуаныш, жалқаулық-азап" тақырыбында плакаттар көрмесі ұйымдастырылды. Мақсат:Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік қалыптастыру.Еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Жалқаулықтың

адамның өміріне, болашағына деген кері әсерін ұғындыру. Оларды жалқау болмауға, әрдайым еңбек етуге шақыру. Кез –келген жетістіктің тек еңбек арқылы келетінін ұғындыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CxxEPBLsXRr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdIMjRIYjZIMQ==



Ю.А.Гагарин мектеп-лицейінде 2023 жылдың 5 желтоқсан күні "Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім" облыстық форумның екінші күні "Адал ұрпақ" клубының ұйымдастыруымен "Адал ұрпақ", "Жас Ұлан" ұйымы, мектеп парламенті оқушыларының арасында "Біздің палата жемқорлықпен күрестің тиімді жолын көрсетеді" тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу, адал, әділетті қоғам қалыптастыру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Көпшілік алдында сөйлеуге дағдыландыру. Дебат сарапшысы ретінде Ақадыр кенті әкімшілігінің маманы, заңгер Сайлаубай Еламан

Өмірбайұлы дебатқа арнайы шақырылды. Дебатқа мектеп парламентінен Мырзабаева Сәуле -10 сынып , Ермұхан Дариға - 9 сынып, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымынан Орын Шыңғыс-8 сынып , Койкатов Асылжан -8 сынып , «Адал Ұрпақ» клубынан Өмірғалиева Жанерке-8 сынып , Қалижан Нұрғаным-8 сынып оқушылары қатысты.

Дебат қорытындысы бойынша:

«Дарын» тобы: Өмірғалиева Жанерке-8 сынып,Қалижан Нұрғаным - 8 сынып I орын;

«Ақиқат» тобы: Мырзабаева Сәуле -10 сынып , Ермұхан Дариға - 9 сынып II орын;

«Жас Ұлан» тобы: Орын Шыңғыс-8 сынып , Койкатов Асылжан -8 сынып III орын иеленді. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C0fxiIroUXX/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=ODhhZWM5NmIwOQ==



Мектеп парламентінің «Еріктілер» фракциясы мен «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша «Волонтерлік – ақжүрек қызмет» тақырыбында облыстық волонтерлермен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды волонтерлік қызметтің қырысымен таныстыру, оларды волонтерлік қызметке қызықтыру, тарту, жақсылық жасауға баулу, адамгершілік қасиеттерін

арттыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CzThLRxMhgI/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



"Қарияға қол ұшын бер" жобасы аясында Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 8-9 сынып оқушылары 5 желтоқсан - Волонтерлар күніне орай кентіміздің тұрғыны Сая апайымыздың қысқы көмірін пәтерінің кіреберісіне тасып берді.Мақсаты:қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, мұқтаждарға көмек

беру. Сонымен қатар, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дарыту. Жетекшісі: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C0gxyJnsB6A/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=ODhhZWM5NmIwOQ==



Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқанына арналған іс-шаралар жоспары бойынша "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы "Бақытты балалық шақ" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен танымдық видеоролик түсірді. Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/CzqQVvIMO6T/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MTdlMjRIYjZlMQ==



Қарағанды облысы Шет ауданы, Ақадыр кенті Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі "Өзін-өзі басқару" ұйымының және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Алтын күз" мерекелік кешіне орай парламент және "Жас Ұлан" ұйымының оқушылары фотозона дайындады. Мақсаты: оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, еңбекке баулу. Жауаты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/Cyu1pw6sdg-/?utm_source=ig_web_copy_link



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал бол Like» марафонының жұмыс жоспары бойынша «Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ – де 8-сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар осы тақырыпты ашуда үлкен беленділік танытты. Қатысушылардың әрқайсысының жұмысы ерекше назар аударуға лайық. Оқушылардың іс-шараға қатысуы тұлғаның белсенді

азаматтық ұстанымын қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады көмектеседі. Мақсаты: оқушыларға сыбайлас жемқорлық қоғамға әкелетін зиянын

ұғындыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу. Сурет байқауына барлығы 17 оқушы қатыстырылды. Байқау қорытындысы бойынша I орынды 8 «В» сынып оқушысы Аманжан Марғұлан, II орынды 8 «Г» Аманжан Даяна, III орынды 8 «Д» сынып оқушысы Аманғали Асыл иеленді. Жауапты: «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CzThM-mssXV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRlYjZlMQ==



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал бол Like» марафонының жұмыс жоспары бойынша «Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ – де 7-сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар осы тақырыпты ашуда үлкен беленділік танытты. Қатысушылардың әрқайсысының жұмысы ерекше назар аударуға лайық. Оқушылардың іс-шараға қатысуы тұлғаның белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады ,

шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мақсаты: оқушыларға сыбайлас жемқорлық қоғамға әкелетін зиянын ұғындыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу. Эссе байқауына барлығы 24 оқушы қатыстырылды. Байқау қорытындысы бойынша I орынды 7 «А» сынып оқушысы Рыспай Расул, II орынды 7 «В» Ашимова Сезім, III орынды 7 «Б» сынып оқушысы Хамзина Кәусар иеленді. Жауапты: «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CzThOMjslxt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MTdlMjRlYjZlMQ==



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша мектеп парламенті дублер күні аясында «Ұстазым менің...» тақырыбында ұстаздарды құттықтау видеосын әзірледі. Сонымен қатар концерттік бағдарламаға испан және цыган билерін дайындауға жетекшілік етті. Мақсаты: оқушылардың басқарушылық қабілеттерін шыңдау, жауапкершілікін арттыру, еңбекке баулу, оқушылардың арасындағы

достық қарым-қатынасын нығайту. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/CyQEk6MeUB/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==



"Жас Ұлан " балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 4-сынып оқушылары арасында "Азаттық таңын аңсаған тәуелсіз елдің ұрпағымын " атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды өз елінің патриотты болуға, тәуелсіздік ұғымын қалірлеуге тәрбиелеу, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүюге, әдемі сөйлеуге, сахна мәдениетіне машықтандыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C03fMwoM9jX/?utm_source=ig_web_copy_link



"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында Кәсіптік бағдар және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 9 -сынып оқушылары Ақадыр кенттік полиция бөліміне экскурсияға барды. Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау барысында бағыт-бағдар беру. Полиция қызметкері Кежебаев Айдын оқушыларға полиция қызметкерлерінің қолданатын

инструменттерін, оларды не үшін, қандай жағдайда қолданылатынын түсіндірді. Полиция қызметінде көп жылдар еңбек атқарған тұлғалармен таныстырды. Сонымен қатар бөлімшедегі шағын кітапханаға да экскурсия жасалды. Оқушылар полиция жилеттерін киіп, өздерін бір уақыт полиция қызметкері ретінде сезініп, полиция қызметіне деген өз қызығушылықтарын білдірді. Жауапты Жәкен Н., Серикпаева А.А.

https://www.instagram.com/reel/C0i2gCysBeW/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=ODhhZWM5NmIwOQ==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 8-сынып оқушылары "Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ" тақырыбында видеоролик түсірді. Мақсаты: оқушыларды өз елінің патриотты болуға, тәуелсіздік ұғымын қалыптастыруға тәрбиелеу, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге, әдемі сөйлеуге, сахна мәдениетіне машықтандыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C036TRNsdYB/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MTdIMjRIYjZlMQ==



Кәсіптік бағдар және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында Алғыс айту күніне орай мамандық иелеріне алғыс білдіру мақсатында "Өзінді мамандықтар әлемінде тап" тақырыбында видеоролик түсірді.

https://www.instagram.com/reel/C36-PbpM18V/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Ұрпаққа аманат" жобасы аясында Ауған соғысының аяқталғанына - 35 жыл толуына орай 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағалармен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу; Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар

жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету; Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Жауапты: Төлеген Г., Жәкен Н.

[@obb_qaragandy@umckrg@shet.bilim#біртұтас_тәрбие](https://www.instagram.com/reel/C3UiizDszCl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

https://www.instagram.com/reel/C3UiizDszCl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Мектеп парламенті және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Эковолонтерлер" жобасы аясында мектебіміздің 7-8 сынып оқушылары кентіміздің тұрғыны Рымтай апаның ауласында тазалық жұмыстарын жасауға көмектесіп қайтты. Мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаны таза ұстауға баулу. Оқушылардың бойындағы адамгершілік

қасиеттерін арттыру. Жауапты: Жәкен Н. [@obb_qaragandy @shet.bilim @umckrg](https://www.instagram.com/reel/C3UiizDszCl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Медициналық сыныптың жұмыс жоспары бойынша медициналық сыныптың жоба қатысушылары, "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы және мектеп парламенті оқушыларының қатысуымен барды. Мақсаты: оқушылардың медицина саласына деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Медицинаның алғашқы қадамы ретінде оқушылары температура, қан қысымын өлшеу, көз жанарын тексеру, инъекция салу сияқты жұмыстармен

танысты.

https://www.instagram.com/reel/C2y27IIsLtr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары бойынша 12 сәуір - Ғарышкерлер күніне орай "Ғарыш әлеміне саяхат" тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді. Мақсаты: ғарыш, ғарышкерлер туралы түсініктерін кеңейту, ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру. Жауапты : Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C5neMbQsnDU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары бойынша 15 мамыр — халықаралық отбасы күніне орай 8-сынып оқушылары арасында "Отбасындағы қатаң тәрбие дұрыс па, бұрыс па?" тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу; Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып-толғануға көмектесу; -Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру; -Өз көзқарасын

айтуға машықтандыру; -Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C7FikO rpSI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"ДоболLIKE" науқаны аясында "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының эковолонтері мектебіміздің фойесіндегі гүл жапырақтарын сүртіп, суару жұмыстарын жүргізді . Мақсаты: оқушыларды қамқорлыққа баулу, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Жауапты Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C2RT pZHtQ a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Медициналық сыныптың жұмыс жоспары бойынша "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы және мектеп парламенті оқушыларының арасында "Қазақстан және әлем" медицинасы тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың медицина саласына деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Дебат 8-сынып оқушылары арасында өтті. Дебат тақырыбына сай оқушылар Қазақстан

және әлем медицинасын салыстырды. Кемшіліктері мен жетістіктерін аңқытап, мәселенің шешу жолдарын көрсетті. Дебат қорытындысы бойынша 8-сынып оқушылары Қалижан Нұрғаным мен Өмірғалиева Жанерке жеңіске жетті. Жауапты Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C2P4YPxswId/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



XXI ғасыр сауатты ұрпақ ғасыры!" оқу сауаттылығы апталығының аясында "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы "Жалынды жастар ел болашағы" тақырыбында жарнамалық видеоролик түсірілді. Мақсаты: мектебіміздегі білімді оқушыларды үлгі ретінде көрсету арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Бейнероликке үш тілде еркін сөйлей алатын 7-сынып оқушысы Амина. Жауапты Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C2UM1-uM2eN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы оқушыларды салауаты өмір салтына шақыру мақсатында «Жасұландықтар салауатты өмір салтын ұстанады» тақырыбында электронды постер құрастырды.

https://www.instagram.com/p/C3XeoVsNvBb/?utm_source=ig_web_copy_link



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша эковолонтерлер мектеп фойесіндегі гүлдерді суару, жапырақтарын сүрту, топырағын қопсыту сияқты жұмыстар атқарды.

https://www.instagram.com/reel/C4gPxrjMvNY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"Қарияға қол ұшын бер" жобасы аясында Жас Ұлан " балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша еріктілер тобы кентіміздің тұрғыны Рымтай апаның ауласындағы қарын тазалап берді. Мақсаты: оқушылардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін арттыру, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Жауапты Жәкен Н.

<https://www.instagram.com/reel/C323tg->

[M18j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/C323tg-M18j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шара аясында мектеп ұстаздары мен оқушыларының қатысуымен "Наурыз-думан" тақырыбында шағын сахналық қойылым көрсетілді. Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт – дәстүрін, әдет –

ғұрпын үйрете отырып, «Наурыз» Қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

<https://www.instagram.com/p/C4uYo->

[yNvux/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/C4uYo-yNvux/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушыларды салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді. Мақсаты: елін, жерін, құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру, интеллектуалдық даму, зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу, оқушыларды жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем-эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу,

волонтерлік қызметті дамыту, алауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, денешынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру, оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Барлығы «Жас ұлан» ұйымына 13 оқушы қабылданды. 7- сыныптан 5 оқушы, 5- сыныптан 8 оқушы қабылданды.

https://www.instagram.com/reel/Cyn_P0Fs10J/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA=



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Қоршаған ортаға қамқорлық керек" тақырыбында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. https://www.instagram.com/reel/C51FH65yc3r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA== Жауапты: Жәкен Н.



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай 3-сынып оқушылары арасында "Әлемнің жарығын сыйладың сен маған" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың анаға деген құрметін арттыру.

https://www.instagram.com/reel/C4GBRXuMVMy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Медициналық сынып" жобасы аясында 8 - сынып оқушыларымен «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында квест ойыны ойнатылды. Мақсаты: оқушылардың медициналық білімдерін шыңдау, салауатты өмір салтын сақтауға баулу. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C4fPBbEsQ6i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ_A



"22 Наурыз - Ұлыстың ұлы күніне орай" "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 5-сынып оқушылары арасында ұлттық ойындар сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық, тұрмыс, салт - дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке,

шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұжым мақсат әрекетіне дағдысын, назар ықыласын дамыту. Бір - біріне деген құрмет, жеңуге деген ұмтылысты дамыту. Ой - өрісін, жадын дамытып, әрекет үйлесімін жетілдіру. Сайысы тоғызқұмалақ, қол күресі және ханталапай ұлттық ойын түрлері бойынша өткізілді. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/p/C4nYHgQME7F/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



"Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша "Біз жол қозғалыс қауіпсіздігін қолдаймыз" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен танымдық видео түсірілді. Мақсаты: балалардың жол - көлік жарақаттануының алдын алу жүйесін дамыту, жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау. Жауапты: Жәкен Н.

https://www.instagram.com/reel/C7FJRxYrUks/?utm_source=ig_web_copy_link